

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

5. Чокина Г.И. «Қазақстанның шөлейт аймақтарындағы рельефтік құрылымдардың эволюциясы». – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 190 б.
6. Краснов С.В. «Сарыарқа рельефінің геоморфологиялық сипаттамасы». – Нұр-Сұлтан: Ғылыми Баспа, 2016. – 210 б.
7. Павловский Е.Б. «Қазақстанның таулы ландшафттары: геология және геоморфология». – Шымкент: Оңтүстік Қазақстан, 2017. – 230 б.
8. Аманжолова К.Т. «Қазақстан далаларының географиялық ерекшеліктері және рельефтің өзгеруі». – Ақтөбе: Ғылыми Зерттеулер, 2018. – 250 б.

**ӘОЖ 314**

## **АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ҚОНЫСТАНУЫНЫҢ ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Кошкенбаев Кажимурат Серикбаевич**

*king.k2712@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Жаратылыстану Ғылымдар Факультетінің білім  
алушысы, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Сагинов К.М

Астана – Қазақстан Республикасының астанасы, еліміздегі ең жас қалалардың бірі. Оның қоныстану және даму тарихы өлкенің тарихи – географиялық жағдайының ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл мақалада Астана қаласын қоныстануының негізгі кезеңдері, және осы процеске әсер ететін факторлар қарастырылады. Халықтың қоныстану динамикасы мен оған әсер еткен себептері анықталады. Зерттеу әдістемесі әдіснамалық жалпылау және жүйелік талдау тұрғысынан негізделеді. Зерттеудің әдіснамалық негізі халықты аймақтарға орналастырудың классикалық және заманауи теорияларын жалпылау, теңгерімді аумақтық даму, халықтың нақты орналасуы, көбеюі саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық әзірлемелері болып табылады.

*Кілт сөздер:* Геоурбанистика, Халық географиясы, Демография, Халық санағы, Қоныстану.

Қазіргі таңда адам қоныстануы, демография, көші – қон процестері кез – келген ел экономикасын қалыптастыруда, экономиканың дамуына әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Сол себепті осы саладағы зерттеулер ерте ғасырлардан бастау алып келеді. Қаланың өсуін, халық қоныстануын зерттейтін негізгі ғылыми пән ретінде Геоурбанистика және Халық Географиясы қарастырылады. Бұл екі ғылыми пән ұқсас болғанымен айырмашылығын ашып кеткен жөн. Геоурбанистика (итальян тілінен urbanistica – қала құрылысы туралы ғылым) – урбанизация процесінің тереңдеуіне негізделген әртүрлі деңгейдегі қала жүйелерінің кеңістіктік ұйымдастырылуын (орналасуын), эволюциясын және жұмыс істеуін зерттейтін ғылыми пән.

Халықтың географиясы халық пен елді мекендердің құрамы мен орналасуын зерттейді. Халықтың географиясы әртүрлі аумақтардағы халықтың қалыптасуын, оның құрылымын, тығыздығын және нақты шоғырларын (қалалар мен ауылдық елді мекендер), сондай-ақ қоныстанудың осы нысандарын анықтайтын жағдайларды қарастырады. Халық қозғалысының үш түрі болады: Әлеуметтік, табиғи, миграциялық.

Әлеуметтік қозғалыс немесе әлеуметтік мобильділік – бұл адамдардың бір әлеуметтік топтан екіншісіне ауысуы.

Халықтың табиғи қозғалысын, яғни өсіп-өнуді, некелік пен ажырасуды, өлім – жітімді зерттеу тек қана демографияның құзыреттілігінде. Ұрпақты алмастыру процесі барысында өзін-өзі жаңарту. Бұл демографияда халықтың адамдық популяциясы ретінде қарастырылады.

Халықтың көші-қон қозғалысы халықтың барлық территориялық қайта орналастыру жиынтығы, халықтың маусымдық және маятниктік қозғалмалылығын, тығыздығын, орналастырудың сипаттамасын анықтайды. Халық географиясы территориялық қалыптасу ерекшеліктері мен тұрғылықты жердің дамуын зерттесе, демография – территориялық қайта орналастырудың осы тұрғылықты жерлерге демографиялық дамудың әсерін зерттеп талдайды. Сонымен қатар аумақтық ұйымдастыру мәселесі қоғам мен өндірістің, халықтың өмір сүру жағдайы мен тығыздығын ескере отырып орналастыруын қарастыратын әрекеттер жиынтығы болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген теорияға сүйене отырып, берілген мақалада Астана халқының аумақтық ұйымдастырылуын, орналасуы мен қоныстану динамикасын қарастырдық. Зерттеу барысында тарихи зерттеулер, географиялық анализ, статистикалық талдау, әлеуметтік әдіс, мұрағаттық дереккөздерді қолдандық.

Қаланың тарихи-географиялық дамуын зерттеу барысында бірқатар міндеттер туындады, олардың мақсаты қаланың уақыт бойынша тарихи – географиялық жағдайының қалыптасу және өзгеру процестерін талдау және түсіну болды. Мұндай зерттеулердің негізгі мақсаттары мыналар: 1) Географиялық орнын анықтау. 2) Қоныстану тарихын зерттеу. 3) Демографиялық өзгерістерді талдау. 4) Урбанизация процестерін зерттеу. 5) Картографиялық өзгерістерді талдау. 6) Топонимикалық зерттеулер жүргізу. 7) Адам қызметінің әсерін бағалау.

Қазақстан Республикасының елордасы Астана қаласы еліміздің саяси-әкімшілік орталығы ғана емес, оның заманауи дамуы мен жаңашылдыққа ұмтылуының символы болып табылады. Еуразияның орталығында маңызды көлік бағыттарының қиылысында орналасқан Астананың негізгі экономикалық және мәдени орталық ретіндегі рөлін айқындайтын бірегей географиялық жағдайы бар. Бірақ Астананың тарихы көптеген этникалық, мәдени және тарихи әсерлерді көрсететін бай және алуан түрлі болып келеді. Қазіргі таңда елордамызда 1 437 645 адам қоныстанған. Алайда, «Бұл көрсеткіш ХІХ - ХХ ғ. қалай болды?», «Адам қоныстануына не әсер етті?» деген сұрақтарға жауап табатын боламыз. Осы зерттеуімізде Астана қаласының халық қоныстануының тарихи - географиялық ерекшеліктерін VII ғасырдан 2023 жылға дейінгі уақыт аралығын қарастырдық. Атап айтқанда төрт уақыт аралығын зерттедік:

1. VII – XVII ғасырлардағы Бозоқ қалашығы
2. 1830 Ақмола бекінісінің қалыптасуы
3. 1960 – Целиноград қаласының қалыптасуы
4. 1991 – 2023 ж. Жаңа кезең

*Бірінші кезең VII – XVII Бозоқ – «Жаңа Астана мекені»*

Бозоқ – VII – XVII ғасырлар шамасында бекініс ретінде қалыптасқан көне қала. Бозоқ қаласы қазірге Астананың оңтүстік – батыс бөлігінде орналасқан. Территориясы 40 гектар жерді қамтыған. Бозоқ қаласы өңірдің әкімшілік орталығы, сонымен қатар Дала Жібек жолы бойындағы қыпшақ билеушілерінің әскери штабы болды. Керуеншілер мен саяхатшылардың түнейтін орны мен аялдамасы болған. Қала маңында Орталық Азиядан керуендердің келуіне байланысты қызу сауда жүріп жатты.

Облыс аумағында ерте заманнан түркі тілдес арғын, қыпшақ, керей, найман, алатау қырғыз тайпалары өмір сүрген. Бұған Ф.Щебаркина жетекшілік ететеін статистикалық экспедиция деректері дәлел. Экспедиция мәліметтері бойынша Ақмола уезіндегі зерттелген 18625 шарушылықта тұратындардың құрамы төмендегідей болды: 60% - арғындар, 15% - керейлер мен уақилер, 9,5% - қыпшақтар, 5% - төлеңгіттер мен төрелер, 1,9% - қара. - қырғыздар, 8,6% - қалған тұрғындар үлесі.



Сурет 1 Бозок қаласының моделі

*Екінші кезең 1830 Ақмола бекінісінің қалыптасуы.*


1830 жылы Қараөткел шатқалының оң жағалауында тұрғын үйлері мен казармалары бар Ақмола бекінісі салынды. 1835 жылы округте 71 262 тұрғыны бар 15 қазақ болысы және 9 ағаш үйі бар бір орыс қонысы болды. Кейінірек, 1845 жылы Ақмола бекінісі казактар отбасыларымен қоныс аудару бастайтын ауыл мәртебесін алады. Осы кезеңде Ақмола бекінісінің халқы 2 мыңға дейін өсті. Біртіндеп қала транзиттік және жергілікті сауда орталығы ретінде маңызды рөл атқара бастайды. Ұлттық құрамды Орталық Ресейден келген орыс қоныс аударушылары құрады.

1868 жылы жоғарыдан келген жарлық бойынша бес уезден тұратын кең Ақмола облысы құрылды: Ақмола, Көкшетау, Петропавл, Омбы, Атбасар.

Мәселен, 1869 жылы Ақмолада 5122 адам өмір сүрді, ал 1910 жылы халық саны 13000 адамды құрады. Жергілікті тұрғындар мен басқа Азия халықтарының өкілдері шамамен 228 мың және шамамен 1 млн. Ресей мен Украинадан қоныс аударушылар болды.

Сол уақытта Ақмола қаласы халқы санының өсуі халықтың табиғи өсімі есебінен емес, орталықтандырылған, ұйымдастырылған қоныс аударушылар ағыны есебінен өскен болатын.

1897 жылы қала әлі айтарлықтай үлкен болған жоқ, оның 9707 тұрғыны болды. Оның ішінде 5105 ер адам және 4602 әйел. Қазақтар – 3020, орыстар – 4619, татарлар – 1035, мордвалар – 223, немістер – 205, еврейлер – 173, украиндар-101 адам және т.б. халықтар. Сауатты адамдар ақмолалықтардың жалпы халқының тек 22,5% құрады (мәліметтер Ресей империясының 1896 жылғы алғашқы жалпы санағы бойынша алынған).



Сурет 2 Ақмола облысының картасы 1913 жыл


Аймақтағы қоныстану ерекшеліктеріне XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы патшалық Ресейдің седентаризация саясатының фактісі әсер етті. Отырықшы халық 110,6 мың адамды, көшпелі халық 201,2 мың адамды құрады.

1917 жылғы Қазан төңкерісі Ақмола тарихындағы бетбұрыс кезенді білдірді. Ұжымдастыру процестері, қазақтарды отырықшы өмір салтына көшіру, колхоздар мен совхоздар құру саясаты басталды. 1921-1922 жылдардағы ашаршылықтың, "құлақ жер аударуларының" және соғысқа дейінгі жылдардағы "сенімсіз" халықтарды депортациялаудың салдары Ақмола халқының саны мен этникалық құрамын өзгертті.

Алжир. XX ғасырдың 30-40 жылдарында КСРО басшылығы Қазақстанды лагерь Республикасына айналдыруға әрекет жасады. Облыста лагерьлер ашыла бастады – Карлаг, Степлаг, Екібастұзлаг, Жезлаг және басқалар. Солардың бірі-халық арасында "Алжир" деген лақап атқа ие болған, қазіргі Астананың жанында орналасқан әйелдер лагері. Мұнда Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен келген әйелдер, алыс саяси себептермен сотталған әйелдер ұсталды. Негізінен, олар КСРО-ның әйгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің әйелдері, аналары, қыздары болды. 1938-1953 жылдар аралығында Алжир арқылы 20 мыңға жуық тұтқын өтті. Нақты саны әлі анықталған жоқ.

1939 жылдың қазан айында Ақмола облыс орталығымен бекітілді. Бұл кездейсоқ болған жоқ: Ұлы Отан соғысының басында ол дамыған индустриясы бар өте үлкен қала болды. Жалпы, мұнда 32,5 мың азамат тұрды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде халық саны 10 000-ға дейін азайды.

Ақмола халқының қалыптасуына әсер еткен тағы бір кезең – тың және тыңайған жерлерді игеру, бұл 1954-1956 жылдары Көші – қон белсенділігінің артуына себеп болды. Содан кейін Қазақстанға 640 мың адам келді, бұл тың өлкесінің барлық ауыл халқының 45,3% -і құрады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, тек 1953-1958 жылдар аралығында Ақмола облысына 270 мыңға жуық адам келген.




Сурет 3 Ақмола қаласының картасы 1957 жыл

*Үшінші кезең. 1960 – Целиноград қаласының қалыптасуы.*

Тың игеру – Ақмоланың дамуы үшін шешуші фактор болып шықты. 1960 жылы 26 желтоқсанда Тың өлкесін құру туралы Жарлық шықты. Ал 1961 жылы Ақмола Целиноград болып өзгертілді. Бір кездері шағын қала тұрғындарының саны күрт өсті. 1961 жылдың басында қалалық тұрғын саны 115 мың адам болды.



1978 жылы КСРО Министрлер Кеңесі Целиноградты дамыту туралы қаулы қабылдады, нәтижесінде ірі құрылыс басталды, қалада алғашқы ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар пайда болды, сарайлар, жоғары оқу орындарының жаңа ғимараттары салынды, қаланың әлеуметтік инфрақұрылымы үлкен серпін алды.



Сурет 4 Целиноград қаласының картасы 1983 жыл

*Төртінші кезең. 1991 – 2023 ж. Жаңа кезең*

1998 жылғы алтыншы мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Ақмола Астана болып өзгертілді.

1998 жылы жаңа астанаға көшкендердің саны 14 мың адамды құрады. Бұл негізінен 20 мен 40 жас аралығындағы жастар болды. Қазақ диаспорасының өкілдері де, тарихи отанынан тыс қалған ирреденттер де қалаға қоныс аудара бастады. Ауыл тұрғындары қалаға жаппай қоныс аудара бастады.

2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Астана – Тәуелсіз Қазақстанның астанасы халқының саны 602 480 адамды құрады. Он жыл бұрын, 1999 жылғы санаққа сәйкес, халық саны 318 мың адамды құрады.

Ресми статистикалық деректер көрсетіп отырғандай, елорданы көшірген сәттен бастап Астана халық санының тұрақты оң серпініне ие. Тірек нүктесі ретінде 1998 жылғы қаңтар қабылданды, өйткені 1997 жылғы желтоқсанда республикалық және мемлекеттік мекемелер Астанаға көшірілді, бұл көбінесе осы қалаға көші-қонның өсуіне түрткі болды.

Процесс 1998 жылдан басталады, 1999 жылы Астана халқы 318,2 мың адамды, 2000 жылы – 381 мың адамды, 2001 жылы – 440,2 мың адамды құрады.

Статистикалық деректер Астана халқының өсуінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде көші-қон факторы туралы куәландырады: халықтың Қазақстанның ауылдарынан, шағын, орта және ірі қалаларынан көші-қоны. Қалалық өсудің негізгі көзі ретінде ауылдық – қалалық көші-қон дамушы елдердегі урбанизацияның бастапқы деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Кесте 1 1959 – 1999 жылдар аралығындағы халық санағы

	1959 ж.	1970 ж.	1979 ж.	1989 ж.	1999 ж.	
Қазақстан Республикасы	4079306	6556045	7912466	9182636	8377303	
Ақмола облысы	268444	400869	428111	502382	380427	
Астана қаласы	98136	180777	232322	281252	319324	
Қазақстан Республикасының халық саны						
	2000	2005	2010	2015	2020	2023

Барлық халық						
Қазақстан Республикасы	14 901 641	15 074 767	16 203 274	17 415 715	18 631 779	19 766 807
Ақмола	799 179	747 185	735 134	736 560	736 735	788 013
Астана қаласы	380 990	529 335	649 152	852 803	1 136 156	1 354 556
Қала халқы						
Қазақстан Республикасы	8 397 566	8 614 651	8 819 620	9 837 025	10 938 652	12 209 896
Ақмола	367 684	352 204	342 340	347 353	348 117	441 997
Астана қаласы	380 990	529 335	649 152	852 803	1 136 156	1 354 556
Ауыл халқы						
Қазақстан Республикасы	6 504 075	6 460 116	7 383 654	7 578 690	7 693 127	7 556 911
Ақмола	431 495	394 981	392 794	389 207	388 618	346 016

Астана қаласын тарихи-географиялық зерттеу барысында оның дамуы мен әкімшілік-аумақтық орталық ретінде қалыптасуының негізгі аспектілері қарастырылды. Тарихи және географиялық деректерді талдау Астананың бірегей мәдени және әлеуметтік ортасы бар заманауи мегаполиске айналуының көп қырлы процесін сипаттауға мүмкіндік берді.

Зерттеу Қазақстан картасындағы бастапқы орнынан бастап Астана мәртебесіне дейін және оның саяси, экономикалық және мәдени өмірдің ірі орталығына айналуына дейінгі қала дамуының негізгі кезеңдерін анықтауға мүмкіндік берді.

Жиналған мәліметтерге сүйене отырып, қаланың дамуы барысында тарихи мұра мен географиялық орта арасындағы тығыз байланыс туралы қорытынды жасауға болады. Астана дамуын жалғастыруда, ал оның тарихы мен географиясы оның болашақ дамуын айқындайтын негізгі факторлар болып қала береді.

Осылайша, Астана қаласын тарихи-географиялық зерттеу оның өткенін ашып қана қоймай, оның бүгінгі мен болашақтағы даму перспективаларын түсіну үшін құнды түсініктер береді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Губина Н.В. Территориальная организация населения: учебное пособие / Н.В. Губина, И.В. Александрова. - Н-Камск: Нижнекамский химико-технологический институт (филиал) ФГБОУ ВПО "КНИТУ", 2012. - 148 с.
2. Утешов С.К., Чинасилова А.М У78 Демография: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 93б.
3. Тәтімов М.Б Демография – халықтану. Халықтардың саны мен құрамын зерттеу. Алматы, «Қазақстан», 1975.
4. Голиков Н.Ф., Двоскин Б.Я., Спектор М.Д. Проблемы расселения населения Казахстана. – Алма – Ата: Наука, 1989. – 248с.
5. Астана: Энциклопедия. – Алматы, «Атамұра», 2008. – 576 стр. Цветное издание.
6. Кабульдинов З.Е. Астана: прошлое и настоящее. – Астана, 2017. – 344с